**БЕКІТЕМІН**
**«Самғау НРМ» ЖШС**
**«Жұлдыз-1» балабақшасының**
**меңгерушісі Г.К.Кабдыгалиева**
**«24» 09 2026 жыл**

**2026–2027 оқу жылына арналған «Балдырған» ересек тобының ата-аналарымен жұмыс жоспары**

**Мақсаты:**
Ересек топ тәрбиеленушілерінің функционалдық сауаттылығын, зерттеушілік қабілеттерін, шығармашылығын, ұлттық құндылықтарға құрметін, цифрлық мәдениетін, қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын және мектепке дейінгі дайындық деңгейін дамытуда отбасы мен балабақшаның өзара серіктестігін нығайту, ата-аналардың педагогикалық құзыреттілігін арттыру.

| Мерзімі | Жүргізілетін іс-әрекеттер мен іс-шаралар | Жауаптылар |
|---|---|---|
| **Қыркүйек** | 1. №1 топтық ата-аналар жиналысы: «Ересек топтағы тәрбиелеу мен оқытудың негізгі міндеттері».<br>2. Сауалнама: «Отбасындағы оқу мәдениеті».<br>3. Кеңес: «Қазақ тілінде күнделікті қарым-қатынас жасау жолдары».<br>4. Ақпараттық бұрыш: «Баланың функционалдық сауаттылығын қалай дамытамыз?» | Меңгеруші, тәрбиеші |
| **Қазан** | 1. Семинар-практикум: «Қаржылық сауаттылық – бала тәрбиесінен басталады».<br>2. Отбасылық жоба: «Менің алғашқы бюджеттік жоспарым» (үнемдеу, жинақтау, сатып алу мәдениеті).<br>3. Жадынама: «Баламен дүкенге барған кезде нені үйретуге болады?» | Тәрбиеші |
| **Қараша** | 1. Практикалық кездесу: «Жасанды интеллект – ата-ананың көмекшісі» (оқытуда қолданылатын қауіпсіз AI құралдары).<br>2. Шеберлік сағаты: «Балаларға арналған цифрлық білім беру ресурстары».<br>3. Кеңес: «Баланың экран алдындағы уақытын тиімді ұйымдастыру». | Тәрбиеші |
| **Желтоқсан** | 1. №2 топтық ата-аналар жиналысы: «Баланың алғашқы жетістіктері және отбасының қолдауы».<br>2. Тренинг: «Баламен тиімді қарым-қатынас жасаудың заманауи тәсілдері».<br>3. Отбасылық шығармашылық шеберхана «Жаңа жыл – жаңа идеялар». | Психолог, тәрбиеші |

| | | |
|---|---|---|
| | 4. Жаңа жылдық мерекелік бағдарламаға ата-аналардың қатысуы. | |
| **Қаңтар** | 1. Ашық есік күні: «Қазақ тілі – отбасы тілегі».<br>2. Отбасылық челлендж: «Ертегілер әлеміне саяхат: кітап оқитын отбасы – бақытты отбасы».<br>3. Кеңес: «Баланың байланыстырып сөйлеуін дамыту әдістері». | Қазақ тілі педагогі, тәрбиешілер |
| **Ақпан** | 1. Қауіпсіздік апталығы: «Қауіпсіздік әліппесі» (үйде, көшеде, интернетте).<br>2. Тәжірибелік кездесу: «Төтенше жағдайда баланың әрекеті».<br>3. Жадынама: «Цифрлық қауіпсіздік ережелері».<br>4. Құқық қорғау немесе ТЖ қызметкерімен кездесу. | Медбике, тәрбиеші |
| **Наурыз** | 1. Ұлттық құндылықтар фестивалі «Ұлттық тәрбие – ұлт болашағы».<br>2. Отбасылық көрме: «Қазақтың ұлттық мұрасы».<br>3. Шығармашылық кеш: «Анамның өнері – отбасының қазынасы». | Музыка жетекшісі, тәрбиеші |
| **Сәуір** | 1. Экологиялық жоба: «Жасыл отбасы».<br>2. Отбасылық зерттеу жұмысы: «Суды қалай үнемдейміз?».<br>3. Экологиялық сенбілік: «Таза табиғат – жарқын болашақ».<br>4. Шеберлік сабағы: «Қайта өңделетін материалдарға екінші өмір сыйлаймыз». | Тәрбиеші |
| **Мамыр** | 1. №3 топтық ата-аналар жиналысы: «Жыл бойығы жетістіктер мен болашаққа бағдар».<br>2. Дөңгелек үстел: «Ерте кәсіптік бағдар беру – баланың қызығушылығын қолдау».<br>3. Отбасылық кездесу: «Менің мамандығым – менің мақтанышым» (ата-аналардың кәсіптерімен таныстыру).<br>4. Кеңес: «Жазғы демалыста баланың танымдық белсенділігін сақтау».<br>5. Белсенді ата-аналарды марапаттау. | Меңгеруші, тәрбиеші |